



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БИЗНЕС ҚҰҚЫҒЫ ЖӘНЕ ЗАҢНАМАЛЫҚ ОРТА: ТРАНЗАКЦИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАС

Кедендік және экономикалық
одақтар



Экономикалық теорияға сүйенсек, экономикалық интеграциялану деңгейлері 4 топқа бөлінеді.

- Еркін сауда аймағы;
- Ортақ нарық;
- Экономикалық одақ;
- Экономикалық және валюталық одақ.

Ең алдымен Кедендік одақ мәселесін қарастырамыз. Кедендік одақ еркін сауда мәселелерін реттейтін неғұрлым терең нысандағы бірлестік. Кеден одақтарын құру үшін мемлекеттер бірыңғай тарифтер енгізу керек. Көбіне мемлекеттер бірыңғай тарифті бекітуде келісімге келе алмағандықтан, Кедендік одақ құрудан бас тартады. Кедендік одақты құру мақсаты бірыңғай кеден аймағын құру, бұл аймақта кедергілерді жою, үшінші елдер үшін кедендік тарифтерді бірыңғайландыру және теңестіру, бірыңғай кедендік тарифтерді басқару, импорттық баждан түсетін қаржыны кеден одағы елдері арасында бөлу мәселелерін қарастырады.

Кеден одағын құруға дейін Қазақстан Республикасы либералды саясат ұстанған болтын. Халықаралық саудада өзге мемлекеттен келетін тауарларға баж салығы 5%-дан аспайтын. Беларусь Республикасының ставкасы 20% болатын, Ресей Федерациясы 15% баж салығын қолданған болатын. Кеден одағын құрғаннан кейін үш мемлекет үшінші елдерге қатысты импорттық баж салығын бірдейлестіріп қоюға мәжбүр болды. Осымен қазіргі кезде ҚХР-мен жасалатын саудада кедендік баж салығы барлық үш мемлекет үшін 10%-ды құрайды. Бұл одақтың шеңберінде барлық мемлекет тарифтік қатынастарды реттеп, импорттық баж салығынан түскен қаражатты үлестік мөлшерлемеге сәйкес бөліп алады. Бүгінгі таңда импорттық баж салығынан түсетін қаражатты мүше мемлекеттер келесідей бөліп алады: Армения Республикасы – 1,220%, Беларусь Республикасы – 4,560%, Қазақстан Республикасы – 7,055%, Қырғызстан Республикасы – 1,900% және Ресей Федерациясы – 85,265%.

Жалпы нарық. Кеден одағында көбіне тауарлардың еркін қозғалысы негізгі нысанаға алынады. Ал, жалпы нарық құруда тауарлардың еркін қозғалысымен қоса, қызмет көрсету, капиталдың және адамдардың еркін қозғалысы қамтамасыз етіледі. Қызмет көрсету тауар айналымына байланысты, ал тауар айналымы адам капиталының еркін қозғалысына әсер етеді. Мысалы, Қазақстан Республикасының заңына сәйкес шетелдік компания Қазақстан аумағында қызмет ететін болса, сол компанияның қызметкерлерінің 50%-ы қазақстандық азаматтар болуы тиіс, қалған 50%-ы шетелдік азаматтардың болуына рұқсат етілген, яғни бұл жағдайда шетелден келетін қызметкерлердің еркін қозғалысына мүмкіндік берілуі тиіс. Кейбір жағдайларда тауар айналымымен қатар капитал қозғалысы бір деңгейде жүру керек. Мысалы, шетел компаниясының тауарын сатып алу үшін сол компанияның есепшотына қаражат жолдануы тиіс, бұл жағдайда капиталдың еркін қозғалысы қамтамасыз етілуі керек. Осындай төрт объектінің еркін қозғалысы жалпы нарықтың мәселелерін көрсетеді. Басқа елге аудиторлық қызмет көрсету үшін халықаралық компания қызмет көрсетілетін елдегі заңды тұлғаның қатысу үлесіне иелік ету құқығына ие болу керек және қызмет көрсету үшін шетелдік азаматтардың жұмыс істеуіне рұқсаты болуы тиіс.

Экономикалық одақ. Экономикалық одақтың негізгі мақсаты – фискалдық және ақша/кредит саясатын, яғни монетарлық саясатты жүгізу. Еуропалық одақ пен Еуразиялық экономикалық одақтың деңгейіне жақындаған одақтар тауар сауда айналымы бойынша бірлескен одақтар емес, экономикалық одақтар болып табылады. Экономикалық одақта фискалдық саясатты үйлестіру үшін үш құралды пайдаланады:

- Салық ставкаларын азайту немесе теңестіру;
- Жұмыссыздарға төлемақы төлеу;
- Мемлекеттік сатып алу және мемлекеттік бюджеттен жасалатын белгілі бір қызметтерді қалыптастыру.

Экономикалық одақ төңірегінде жасалатын іс-әрекеттер мемлекеттік бюджеттен қаражат бөлуді талап етеді. Ал бұл шығындар белгілі бір қызметтердің жүзеге асуы барысында қандай да бір шектеулер қоюға мәжбүр болады. Мысалы, жалпы мемлекеттік сектордың



шоғырландырылған жылдық тапшылығы ЖІӨ-нің 3%-дан аспауы керек. Бұл ЕАЭО-да қойылатын талап. ЕАЭО шартының 63-бабына сәйкес жалпы мемлекеттік сектордың қарызы ЖІӨ-нің 50%-нан аспауы тиіс және инфляция деңгейіне шек қойылған.

Монетарлық саясатты үйлестіру үшін ең алдымен инфляцияны шектеу мақсаты қойылды. Инфляцияны шектеу үшін экономикалық одақ құрған мемлекеттердің ұлттық банктері пайыздық мөлшерлемелерді қалыптастырады, ақша жиыны мемлекеттік облигацияларды сатып алумен жүргізіледі. Инфляция деңгейі ЕАЭО шартының 63-бабына сәйкес өткен жылғы желтоқсан айынан келесі жылдың желтоқсан айына дейін ең төмен мәні бар мемлекетте 5%-дан аспауы керек. Мысалы, Ресей Федерациясының инфляция деңгейі 3% болса, Арменияның инфляция деңгейі 8%-дан аспау керек, яғни осы мемлекеттер арасындағы инфляция деңгейіндегі айырмашылық 5%-дан аспауы керек.

Еркін сауда аймағын құру кезінде сауда саясатын құру мәселесін реттеу үшін мемлекетаралық орган құрылады. Мысалы, Солтүстік Америка еркін сауда аймағында Солтүстік Америка еркін сауда аймағының хатшылығы, кедендік экономикалық одақтарда сауданы үйлестіру және басқару үшін ұлтүстілік басқару органдары құрылады. Мысалы, ЕАЭО-да оның комиссиясы. ЕАЭО 2015 жылы ресми түрде құрылғандықтан, оған дейін бұл функцияны Кеден одағының комиссиясы атқарып келген.

Еркін сауда аймағын реттеудегі терең форманың бірі – валюталық және экономикалық одақ. Бұл одақта негізгі нысана валюта. Валюталық және экономикалық одақ құрудағы мемлекеттердің негізгі мақсаты – бірыңғай валютаны енгізу болуы тиіс. Бұл одақтардың институты да ұлтүстілік органмен басқарылады. Аймақтық монетарлық саясатты жүргізуге Ұлттық орталық банк жауапты. Валюталық одақ бойынша негізгі мысал ретінде Еуроодақты атасақ болады. Еуроодақтың бірыңғай валютасы – еуро. Еуроодаққа мүше-мемлекеттер халықаралық сауда жасауда еуроны қолданады.

Валюталық одақты құру үшін келесі шарттар қолданылады:

- жұмыс күші еркін жүру керек;
- капитал қозғалысы мен аймақтағы бағалар мен табыстардың икемділігі болу керек;
- фискалдық аударымдар арқылы тәуекелдерді бөлу жүйесі, яғни фискалдық аударымдар кезінде пайда болған тәуекелдердің кесірінен болған шығындарды мүше-мемлекеттер бөліп төлейді. Егер бір мемлекеттің экономикасы әлсіресе, екінші мемлекет бұл мемлекеттің экономикасын көтеруге көмектеседі. Мысалы, Греция мен Германия арасындағы қарым-қатынас, бизнес циклдерінің ұқсастығы. Бұл жағдайда валюталық одаққа мүше мемлекет ешқандай рецессияға жол бермеуі керек.